



Дүниежүзілік пошта одағының Жарғысына Бесінші қосымша хаттаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 18 наурыз N 305-II

1994 жылғы 14 қыркүйекте Сеулде жасалған Дүниежүзілік почта одағының Жарғысына Бесінші қосымша хаттама бекітілсін.

Казақстан

Республикасының

Президенті

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ПОЧТА ОДАҒЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫНА БЕСІНШІ ҚОСЫМША ХАТТАМА

(2002 жылғы 31 шілдеде күшіне енді - КР СІМ-нің ресми сайты)

Сеул қаласында Конгреске жиналған Дүниежүзілік почта одағына мүше елдер Үкіметтерінің өкілетті өкілдері 1964 жылы 10 шілдеде Венада қабылдаған Дүниежүзілік почта одағының жарғысының 30 бабының 2-параграфы негізінде бекіту шартымен аталған Жарғыға мынадай өзгерістерді қабылдады.

I-бап

(өзгертілген 8-бап)

Аймақтық Одақтар. Арнайы келісімдер

1. Мүше елдер немесе олардың Почта әкімшіліктері өздерінің елдерінің зандарына қайшы келмеген жағдайда, Аймақтық одақтар құра алады және қатысуышыларға мүдделі мүше елдер болып табылатын халықаралық почта туралы келісімдер жасай алады, бірақ оларға халық үшін ыңғайлылығы кесімдер ережелерінде қарастырылған шарттардан төмен болатын шарттары бар ережелері енгізілмеуі тиіс.

2. Аймақтық одақтар Одақтың Конгрестеріне, Конференцияларына және жиналыстарына, Әкімшілік кеңесінің, сондай-ақ Почталық пайдалану кеңесінің мәжілістеріне өз бақылаушыларын жібере алады.

3. Одақ Аймақтық Одақтың конгрестеріне, конференцияларына жәнежиналыстарына бақылаушылар жібере алады.

II-бап

(өзгертілген 13-бап)

Одақ органдары

1. Конгресс, Әкімшілік кеңесі, Почталық пайдалану кеңесі және Халықаралық бюро Одақтың органдары болып табылады.

2. Әкімшілік кеңесі, Почталық пайдалану кеңесі және Халықаралық бюро Одақтың тұрақты органдары болып табылады.

III-бап

(өзгертілген 17-бап)

Әкімшілік кеңесі

1. Әкімшілік кеңесі (ӘК) Одақ кесімдерінің ережелеріне сәйкес еki конгресс арасында Одақтың жұмысының үздіксіздігін қамтамасыз етеді.

2. Әкімшілік кеңес мүшелері өздерінің қызметтерін Одақ атынан және оның мұддесіне сәйкес орындайды.

IV-бап

(өзгертілген 18-бап)

Почталық пайдалану кеңесі

Почталық пайдалану кеңесіне (ППК) поча қызметі мұдделі болатын пайдалану, коммерциялық, техникалық және экономикалық мәселелер жүктеледі.

V-бап

(өзгертілген 20-бап)

Халықаралық бюро

Одақ орналасқан орында қызмет атқаратын, Халықаралық бюро депаталатын, Бас директор басқаратын және Әкімшілік кеңес бақылайтын орталық мекеме Почта әкімшіліктері үшін атқару органы, қолдау, байланыс, ақпарат және кеңесу органдары болып қызмет етеді.

VI-бап

(өзгертілген 22-бап)

Одақ кесімдері

1. Жарғы Одақтың негізгі кесімі болып табылады. Ол Одақтың негізгі ережелерінен тұрақты .

2. Жалпы регламент Жарғының қолданылуын және Одақтың қызметін қамтамасыз ететін ережелерден тұрақты .

3. Дүниежүзілік почта конвенциясы және оның Атқарушы регламенті халықаралық почта қызметінде қолданылатын жалпы ережелерді және хаттар почтасы қызметтері

- туралы ережелерді қамтиды .
4. Одақ келісімдері және оның Атқаруышы регламенттері хаттар почтасы қызметтерінен басқа, өздеріне қатысатын мүше елдер арасындағы қызметтерді реттейді .
Олар сол елдер үшін ғана міндетті болып табылады.
5. Конвенциялар мен келісімдерді орындау үшін қажетті ережелерді қолдануды қамтитын Атқаруышы регламенттерді Конгрестің шешімін ескере отырып, Почта пайдалану кеңесі бекітеді .
6. 3, 4, 5-параграфтарда айтылған Одақ кесімдеріне тіркелетін мүмкін болғандай қорытынды хаттамаларға сол кесімдерге жасалған ескертулер кіреді.

VII-бап (өзгерілген 25-бап)

Одақ кесімдеріне қол қою, олардың тұпнұсқаға сәйкестігін растау, бекіту және қолдаудың басқа нысандары .

1. Конгресте қабылданған Одақ кесімдерін мүше елдердің өкілетті өкілдері қол қояды .
2. Атқару регламенттерінің тұпнұсқаға сәйкестігін Почталық пайдалану кеңесінің Тәрағасы және Бас хатшысы растайды .
3. Жарғыны оған қол қойған елдер мүмкіндігінше қысқа мерзімдебекітеді .
4. Жарғыдан басқа Одақтың басқа да кесімдерін мақұлдау әрбір қол қоюшы елдің ішкі конституциялық ережелеріне сәйкес жүргізіледі .
5. Егер қандай да бір ел Жарғыны бекітпесе немесе өзі қол қойған басқа да кесімдерді мақұлдамаса, онда Жарғы мен басқа да кесімдер оларды бекіткен немесе мақұлдаған елдер үшін бәрібір міндетті болып қала береді .

VIII-бап Қосымша хаттамаға және басқа Одақ Кесімдеріне қосылу

1. Осы Хаттамаға қол қоймаған мүше елдер оған кез келген уақытта қосыла алады .
2. Конгресте қайта қаралған Кесімдерге қатысушы болып табылған, бірақ қол қойылмаған мүше елдер оған мүмкіндігінше қысқа мерзімде қосылуға міндетті .
3. 1 және 2 параграфтарда сөз болған жағдайларға қатысты қосылу туралы құжаттар олар туралы мүше елдерге хабарлайтын Швейцария Конфедерациясының Үкіметіне дипломатиялық жолмен жіберіледі .

IX-бап Дүниежүзілік почта одағы жарғысына

Қосымша хаттаманың күшіне енуі және қолданыста болу мерзімі

Осы Қосымша хаттама 1996 жылдың 1 қаңтарында күшіне енеді жәнебелгісіз мәрзімге күшиnde қалады.

Куәландыру ретінде мүше елдер Үкіметтерінің өкілетті өкілдері осы Қосымша хаттаманы жасады, оның ережелері Жарғы мәтініне енген жағдайда, сол күшке және сол мағынаға ие болатын болады және оған бір данада қол қойылады, ол Халықаралық бураоның Бас директорына сақтауға берілетін болады. Бұл дананың көшірмелерін әрбір тарапқа Конгресс өткізілген елдің Үкіметі таратып беретін болады.

1994 жылы 14 қыркүйекте Сеулде жасалды.

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК